



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

деңгейдегі үлкен мүмкіндік. Қазақстанның өз азаматтарына және әлемдік қауымдастыққа Қазақстан тарихын қазіргі заманғы талаптарға сай құралдар арқылы дұрыс жеткізуге осы мерейтой жол ашып отыр. Бұл жұмыс бір жылдық уақытпен және мерекелік іс-шараларды өткізумен шектелмей, ауқымды, тағылымды жобаларға бастама берер жыл болатындай мақсатқа бағытталуы тиіс деген ойдамыз. Осы ретте отандық саясаттанушы Е.Қарин: «...Қазақ хандығының 550 жылдығы қазақтың жаңа сапаға көтерілуінің кезекті маңызды межесі. Бұл іс-шараға мерейтой деп емес, ал ең бастысы болашақта ұлттың сапасын, мемлекеттілікті арттыру мен азаматтардың жүрегінде мемлекетшілдік сезімін ұялатудың жаңа бір мүмкіндігі деп қарауымыз қажет. Яғни, басты мақсат – Мемлекеттілік дәстүрдің сабақтастығын жаңғырту, бекіту», - деп, осы шараның Қазақстан үшін саяси-әлеуметтік мәні мен негізгі мақсатын көрсеткен болатын [2].

Сонымен қатар Қазақ хандығының бес жүз елу жылдан бергі тарихын ғана емес, одан арғы тарихының кері қарай үздіксіз тізбегін ғылыми қауымдастық тарапынан қайта зерделеп, кең жұртшылыққа түсіндіруге мүмкіндік бар. Отандық ғалым-зерттеушілердің, шығармашылық, өнер, бұқаралық ақпарат құралдары, интернет қауымдастық өкілдерінің, зиялы қауымның, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінің мәселені осылайша кең мағынасында түсініп әрекет етуі мазмұнды нәтижелерге қол жеткізуге негіз болады деп санаймыз.

Қолданылған әдебиет

1. Абдакимов А. Образование казахского государства. [Электронды ресурс]. //История казахстана: история, культура, традиции родного края. URL: <http://www.kazakhhistory.ru/post27.php> (қаралған уақыты: 18.02.2015)
2. Қарин Е. Ұлттық идеологияның темірқазығы – мемлекеттілік// Егемен Қазақстан, -2014, №213 - 7 б.

ӘОЖ 94.

СЫР ҰСТАЗДАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ ЖАНАБІЛ НҰРМАНОВТЫҢ САЯСИ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Оймаутова А.А.

absultankyzy_ase@mail.ru

Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

тарих мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д, профессор Садықов Т.С

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзенттік махаббаттың арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген.

Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі, еліміздің қалыптасу кезеңінде халыққа білім беру саласындағы үлкен биіктерге жеткен, қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында терең із қалдырған, өнегелі ұстаз - Жанабіл Қабылұлы Нұрманов.

Ол жаңашыл, дарынды ұстаз ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат-мүдделерінің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген тұлға.

Барлығымыз білетіндей, ұстаз - адам тәрбиешісі, кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтін ерекше кәсіп иесі, адамды адам етуші тұлға. Әрбір жанның бойындағы

шамшырағын тауып, оны жаға білу де – осы ұстаздың міндеті. Ұстаз ел ертеңін қалыптастырады. Демек, болашақтың жарқын болу-болмауы солардың қолында. [1]

Ұлт ұстазы, қазақтың рухани көшбасшысы болған А.Байтұрсыновтың “Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім” деген ойына сүйенсек, ұстаз біліктілігі терең, сауаттылығы жоғары болуы тиіс. Себебі, мұғалім білікті азаматты қалыптастырушы болып табылады. Ұстаздың еңбегі өзінен озған шәкірт тәрбиелегенде ғана ақталмақ. Өйткені, өмір заңдылығы – алға жылжу, даму, озу секілді процестен тұратын болса, осыларды жүзеге асыратын да ұстаз.

Жанәбіл Қабылұлы сонлай ұстаздың бірі болған. Оның өміріне тоқталып кететін болсақ, 1896 жылы діни сауатты отбасында дүниеге келген. Бала кезінен зерек Жанәбіл әкесінің ықпалымен әуелі діни медресені бітірген соң мұсылман дінін насихаттауға дайындалады. Бірақ ол сол кезде «Алашорда» қозғалысына белсене араласып, кейін олардың бір бөлігімен бірге большевиктерге қосылады. 20-жылдардағы кеңестік Қазақ елінің негізін қалаған көрнекті қоғам қайраткерлері С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, И.Тоқтыбаевтың қатарында Түркістан өңірін өркендетуге өз үлесін қосады.

Жанәбілдің әкесі Қабыл мұсылман дінін насихаттаған өте діндар адам болған. Белгілі жағдайларға байланысты, саяси қуғындаудан аман қалу үшін ол отбасы, жалғыз ұлы бар екенін жасырып, өзі мешітте өмір сүрген. Сондықтан баласы Жанәбіл анасы Жаңылмен бірге жергілікті тұрғын Нұрманның үйінде тұрып, кейін оның тегін алады. Нұрманның жалғыз ұлы Баймахан Жанәбілдің туысқан ағасындай болып кеткен. Баймахан да кейін Жанәбілдің анасы Жаңылдың немере сіңілісіне үйленіп, күйеу баласы атанды. Қабыл баласы Жанәбілдің талабымен астана Қызылорда қаласынан Алматыға көшірілгеннен кейін 1929 жылы отбасымен қосылып, қалған ғұмырын бірге өткізеді. [2]

Жанәбіл Нұрманов еңбек жолын 15 жасында жұмысшы болудан бастап, 1918 жылы, яғни 22 жасында БКп(б) мүшелігіне кіреді. 1923 жылы ұлтқа қарсы және қазақ халқының зұлмат кезеңдерінде жүргізілген саясатпен ашық келіспеуіне байланысты партия қатарынан шығарылады. 1918-1920 жылдары І санатты мұғалімдік қызмет атқарып, 1920-1925 жылдар аралығында ата-аналары қуғын-сүргінге ұшыраған немесе аштықтан қайтыс болған баспанасыз балаларға арналған Ақмешіт қаласындағы №2 балалар интернатының директоры болып жұмыс істейді. [3]

20-шы жылдардағы республикамыздағы сауатсыздықты жою мәселесі барынша қолға алынған кезде жоғары педогогикалық курстар бітірген Ж.Нұрманов мәдени революцияның анағұрлым маңызды тапсырмаларын орындауға белсенді араласып, коммуна мектебінің тәрбиешісі, №2 балалар үйінің меңгерушісі болады. Осы кездері бел шешпей еңбек еткен ол сауатсыздықты жою мектебін, Октябрь революциясы атындағы 9 жылдық мектепті (бүгінде Қызылорда қаласында жұмыс жасап тұрған №6 қазақ орта мектебі), педагогикалық қайта даярлау курстарын, Қызылордадағы сол уақыттағы алғашқы мамандандырылған оқу орны – Ауыл шаруашылығы техникумын құрып, өзі басқарады. Осы ірі істердің бәрінің басын қосып Жанәбіл Қабылұлы Нұрмановтың Қазақстан халқы мен жастарына, балаларға жасаған қызметін, ЮНЕСКО-да белгіленген Ресей ағартушысы, атақты Антон Семенович Макаренконың қазақ еліндегі үлгісі десек, артық айтқандық емес. [4]

Ол 1925 жылы ұлттық жаңа саясаттың жүргізілуіне және Қазақстан астанасының Орынбордан Қызылордаға көшірілуіне байланысты 1927 жылы БКп(б) мүшелігіне қайта қабылданады. Сөйтіп, 1925-1929 жылдары Қызылорда қаласындағы білім беру ісі бойынша уәкілетті өкіл қызметтерін атқарады. Осы кезеңде алғашқы ұлттық кадрлардың ішінен халыққа білім берудің Қызылорда уездік бөлімінің инспекторы болады.

1926 жылы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің Қызылорда аймақтық сайлау комиссиясы Президиумының мүшелігіне сайланып, 1926-1928 жылдары халыққа білім берудің Қызылорда уездік бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалады. Ол 1927 жылы осы

қызметте жүргенде, қазақ әдебиетінің негізін салушы, мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллин Қызылорда халық ағарту институтының ректоры болып қызмет атқарады.

Содан 1927 жылы желтоқсанда Ж.Нұрманов Қазақстан Орталық Атқару комитеті Қызылорда уездік сайлау комиссиясының хатшысы болып тағайындалады. Ал 1928 жылы 30 тамызда Бірінші аймақтық педагогикалық курстарды өткізу кезінде ағартушы қызметкерлердің алғашқы республикалық конференциясын ұйымдастырады. [5]

Жанәбіл Нұрманов 1929 жылы еліміздің астанасы Қызылорда қаласынан Алматы қаласына ауысқанда Қызылорда облысындағы Жалағаш аудандық партия комитетін басқаруға жіберіледі. Артынша, яғни 1931 жылы, 35 жасында белгісіз себептермен кенеттен қайтыс болады. Кейін оның есімі құрметпен еске алынып, оған Кеңес өкіметінің, Қазақ елінің дамуына өзіндік үлес қосқаны үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы берілді. Бүгінде Қызылорда қаласында И.Тоқтыбаев көшесіндегі өлкетану мұражайы жанында Жанәбіл Қабылұлы Нұрманов пен Кеңес өкіметінің қалыптасуы кезеңіндегі азаматтық соғыста өз жандарын құрбан еткен батырларымыз, оның 18 серігін еске түсіретін бауырластар ескерткіш-мемориалы орнатылған. Қала көшелеріне олардың аттары берілген.

Жанәбіл Қабылұлы 1931 жылы қайтыс болғанда оның артында Қызылорда қаласындағы әйелдер мектеп гимназиясының алғашқы директоры болып қызмет атқарған аяулы жары Зайда Юнусова және 4 жастағы ұлы Еркін мен алты айлық қызы Фарида қалады. Ұлы Еркін Жанәбілов әкесі мен анасының жолын қуып, білім беру жолында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, құқық қорғау саласында қызметтер атқарды. Ол республика ғылымына өзіндік үлесін қосып, ұзақ жылдар Қарағандыдағы КСРО ИМ Жоғары мектебінде қызмет етіп, еңбек құқығы кафедрасын басқарды, кейіннен Алматыдағы КСРО ИМ Жоғары мектебінде қызмет етіп, милиция полковнигі, доцент, заң ғылымдарының кандидаты дәрежесіне дейін жетті. Қызы Фарида да әке үмітін ақтап, 1956-1961 жылдары Қазақстанның денсаулық сақтау саласына өз үлесін қосқан құрметті адам болды. 1961-1991 жылдар аралығында 30 жылдан астам уақыт балалар үйін басқарып, құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін жыл сайын 80-ге жуық балаға пана болған, бүгінде 80 жасқа толған аяулы ана. Бүгінгі күні Қазақстанның алғашқы қалыптасу кезеңдерінде халқы үшін еңбек еткен үлгілі ата мен әке жолын Жанәбіл Нұрмановтың немерелері жалғастыруда. Олардың ішінен тұңғыш немересі құқық ғылымдарының докторы, заң ғылымдарының кандидаты, ИМ-нің полиция полковнигі, қазіргі күні Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі Ахуалдық орталығының меңгерушісі қызметін атқарып отырған Нұрлан Еркінұлы Жанәбіловті атап айтуға болады. [4]

Халқы үшін елеулі еңбек еткен аталарымыздың тарихтағы өзіндік орнын айқындауымыз өткенге құрметіміз. Олар туралы деректерді жарыққа шығарып, өнегелі істерін келер ұрпаққа үлгі етуіміз біздің парызымыз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дабаев І.Н. Сыр ұстаздары // Өскен өңір.- 1972.- 27 қазан
2. Нурканов А. Борец за дело партии // Казахстанская правда.- 1974.- 4 июнь
3. «Советская степь». 1924 жыл, 5 ақпан.
4. Пугасов М. Жизнь на благо народа// Казахстанская правда. -2011

ӘОЖ 94.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Нурпанова Ж.Қ.

Zh/nurpan@mail.ru

Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Тарих мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., Мусабалина Г.Т.